



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы 8, 2-кіреберіс,
тел.: 7 (7172) 74-94-75, факс: 7 (7172) 74-94-64
e-mail: moap@mdai.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел 8, 2 подъезд,
тел.: 7 (7172) 74-94-75, факс: 7 (7172) 74-94-64
e-mail: moap@mdai.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі

«Ақ жол» фракциясының депутаттарына

2021 жылғы 11 ақпандағы
№ ДС-44 депутаттық сауалға

Қазіргі әлемде цифрлық технологиялар мемлекеттердің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады, оның мәні экономиканың әр түрлі салаларын цифрландыру үрдісі қажетті қызметтер мен шешімдердің қолдауында ғана емес, сондай-ақ сандық және сапалық көрсеткіштерге қажетті адами ресурстардың қажеттілігінде де көрініс табады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) елімізді жоғары білікті АКТ-мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жүйелі шараларды пысықтауда.

Сонымен қатар, сауалда көрсетілген ұсыныстар бойынша келесіні хабарлаймыз.

Оқытушылардың жалақысын субсидиялау мәселесі бойынша.

Бұл мәселені іске асыру Министрліктің құзыретіне жатпайтындығын атап өтеміз, сонымен қатар Министрлік оқытушыларды сапалы даярлау мақсатында бұл мәселені қолдайтынын хабарлайды.

Шағын орта бизнесті қолдау мәселесі бойынша.

Қазіргі кезде Министрлік жеке меншік АТ білім беру ұйымдарын мемлекеттік қолдау бағытында төмендегідей жұмыстарды жүргізуде.

АТ-мамандарының біліктілігін арттыру бойынша халықаралық тәжірибенің тиімді мысалдарының бірі бағдарламалаудың инновациялық мектептерін құру болып табылады.

Қазіргі кезде елімізде осындай бағдарламалау мектептері құрылды («ШАГ», АЛЕМ, QWANT және т.б.), олар мемлекеттік білім беру тапсырысынсыз жоғары білікті мамандар даярлайды.

Осыған орай, осы жылы осындай бағдарламалау мектептерін еліміздің басқа өңірлерінде масштабтау жұмыстары пысықталып жатыр.

Сонымен қатар бизнесті қолдау мақсатында, Министрлік «Даму» КДҚ-мен әзірленген «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасына несие қаражатын субсидиялау бағдарламасына «компьютерлік бағдарламалауға оқытуды» экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің кодын (ОКЭД) қосуға бастамашылық жасады. Бұл бағдарлама АТ білім беруді дамыту үшін жағдай жасау және еліміздің шағын және орта бизнесті қолдау құралдарының бірі болып табылады.

Жұмыс істеп тұрған ІТ-компанияларда практикалық сабақтарды оқу уақытының 40%-на дейін жеткізу арқылы дуалды білім беруді дамыту мәселесі бойынша.

Қазіргі кезде ІТ-компанияларда практикалық сабақтарды дамыту мақсатында, Министрлік ЖОО-лардың АТ-саласындағы практикалық сабақтарды АТ-мектептерге аутсорсингке беру мәселесі бойынша жұмыстарды жүргізуде.


Атап айтсақ, Министрлік осы жылдың аяғына дейін Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, 10 ЖОО-лардың практикалық АТ-сабақтарын АТ-мамандандырылған мектептерге аутсорсингке беру жоспарланып отырғанын хабарлайды.


Бейінді ІТ-жоғары оқу орындары мен колледждерді және олардың білім беру бағдарламаларын бекітуді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне беру мәселесі бойынша.

ІТ-жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру бағдарламаларын бекітуді Министрлікке беру ұсынысын қолдайтынымызды және бұл мәселе Білім және ғылым министрлігі тарапынан қолдау тапқан жағдайда, Министрлік оны жүзеге асыруға дайын екендігін хабарлайды.

Министр

Б. Мусин

: Х.Түлеушов

: 74-07-09

kh.tuleushov@mdai.gov.kz